



**Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым  
БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі Өкіл бюросы**

**БАҚ-ның Он төртінші Орта Азиялық конференциясы**

**Дәстүрлі БАҚ-тан онлайн медиаға: озық тәжірибе және болашақ мүмкіндіктер**

**Ашхабад, Түркменстан  
2012 жылғы 5-6 шілде**

**ДЕКЛАРАЦИЯ**

ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы далалық миссияларының қолдауымен БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ Өкілінің Бюросымен ұйымдастырылған БАҚ-ның он төртінші Орталық Азиялық конференциясы шілденің 5-6 күндері Түркменстанның Ашхабад қаласында өтті.

Көптеген жылдар бойы Орталық Азиялық конференция Орталық Азиядағы журналистердің қызметтестігі және БАҚ-қа байланысты мәселелерді талқылауға арналған бірегей форумы болып келеді. Конференция алғаш рет Ашхабадта өтті.

Екі күндік конференцияға 150 астам журналистер, БАҚ мәселелері жөніндегі сарапшылар, ресми тұлғалар, парламент мүшелері, Орталық Азия елдерінің: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстанның академиялық орталарының және азаматтық қоғамның өкілдері қатысты. Сонымен қатар біздің әріптестеріміз – Ауғанстан, Армения және Әзірбайжан елдерінің бақылаушыларымен жүздестік.

Биылғы конференцияның басты тақырыбы әлеуметтік және онлайн медиа мәселелері болды. Конференция қатысушылары интернет-хабар таратуды реттеумен қоса, әлеуметтік медиадағы БАҚ еркіндігі қатысындағы халықаралық стандарттар мен ұлттық тәжірибелерге қатысты мәселелерді қарастырды. Сонымен қоса, қатысушылар Орталық Азия елдеріндегі БАҚ дамуындағы соңғы үрдістерді талқылады. Сонымен қатар, құқықтық проблемалар, экономикалық модельдер, саяси тәсілдер мен онлайн және әлеуметтік медиаға қатысы бар тәжірибелері, сондай-ақ Интернет-БАҚ даму бағдарлары талқыланды.

Конференция:

1. Аймақ елдерінің сенімі мен қызметтестік рухын қолдау үшін конференцияны өткізу орнын кезекпен алмастыру маңыздылығын түсінеді және Түркменстан үкіметіне көрсеткен қонақжайлығы үшін алғысын білдіреді.
2. БАҚ және азаматтық қоғам өкілдері, сондай-ақ Орталық Азияның бүкіл елдерінің мемлекеттік билік органдары өкілдері конференцияға қатысып, аймақтық деңгейде онлайн және әлеуметтік медиа саласындағы маңызды мәселелерді талқылағанын қолдайды.
3. Онлайн және дәстүрлі БАҚ ЕҚЫҰ-ға қатысушы-мемлекеттердің БАҚ еркіндігі саласындағы міндеттемелерін орындауын жақсартуға мүмкіндік беретінін мойындайды.

4. Онлайндық БАҚ плюрализм мен әртүрліліктің ұлғаюына ықпал ететінін қолдайды.
5. Интернет ұсынатын объективті мүмкіндіктерді, соның ішінде білімді, экономиканы және тұлға аралық қатынасты дамыту мүмкіндігін атап өтті, оның ақпаратты іздеу, жасау, алу және тарату құралы ретінде маңызын мойындайды.
6. Мемлекеттік билік органдарын адамның өз пікірін ашық білдіру және сөз бостандығы жөнінде негізгі құқықтарын тиісті заңдарды, саяси шешімдерді және тәжірибені қабылдау, сондай-ақ олардың орындалуын тиімді қоғамдық бақылау және тәуелсіз сот қадағалауымен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыруға шақырады.
7. Интернетте өз пікірін білдіру еркіндігі құқығын шектеуге халықаралық құқыққа сәйкес болған уақытта және демократиялық қоғамға сай, заңмен көзделген және қоғамдық мүдделерде қолданылаған кезде орынды болатынын атап өтеді. Онлайндық БАҚ-қа қолжетімділік мүмкіндігі тек сотпен ғана шектелуі тиіс. Сайттарды бұғаттау туралы шешім айқын жолмен қабылдануы және тиісті түрде негізделуі қажет. Қолжетімділік мүмкіндігі шектелген онлайндық БАҚ тізімі халыққа жариялануы және белгілі болуы тиіс.
8. Ұлттық заңнама Интернеттің, соның ішінде онлайндық БАҚ ашықтығы мен айқындылығына ықпал етуі қажет деген ойда.
9. Мемлекеттік билік органдарын Интернет желісі мен оның қызметтерін, соның ішінде әлеуметтік медиа және әлеуметтік желістерді пайдалану, оған ену мүмкіндігін адам құқығы ретінде қарастыруды және оған универсалды қолжетімділікті қамтамасыз етуге шақырады.
10. Халықтың әртүрлі топтары арасындағы «сандық теңсіздікті» жою, жаңа қызметтерді пайдалануға үйрету және Интернетке жалпы қолжетімділікті дамытуға ықпал ету мақсатында мемлекеттік билік органдарының барлық мүдделі топтармен жан жақты әріптестігін нығайтуға шақырады.
11. Телекоммуникациялық компанияларды құрылғы типіне, контент, авторы, олардың шығу тегі мен мақсатына тәуелсіз, ақпараттық қызметтердің қолжетімділігі мен трафигінің бірдей деңгейін қамтамасыз ету үшін желілік бейтараптықты кепілдеуге шақырады.
12. Интернетті пайдаланушылар өз пікірін еркін білдіру құқығын жүзеге асыра отырып,, олардың контентті жасауда белсенді рөл атқаратынын мойындайды.
13. Мемлекеттік билік органдарын азаматтардың үкіметтік және өзге қоғамдық маңызды ақпаратқа айқын және еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың есептілігін күшейту үшін Интернеттегі әлеуметтік медиа құралдарын пайдалануды ынталандыруға шақырады.
14. Мемлекеттік билік органдарын Интернеттің көпшілік пікірталас үшін ашық мінбер болып қалуына, ал пайдаланушылардың құқықтары қорғалуы үшін азаматтық қоғам мен телекоммуникациялық компаниялармен етене қызметтестік етуге шақырады.

15. Өз құқықтарын толыққанды іске асыруы үшін Интернет-пайдаланушылар, атап айтқанда олардың жеке ақпараттарының қол сұғылмаушылығы саласындағы заңсыз әрекеттерден қорғалуы тиіс екенін атап өтеді.
16. Мемлекеттік билік органдарын журналистер, сондай-ақ блоггерлер мен «азаматтық репортерлер» өз қызметін еш кедергісіз жүзеге асыру үшін тиісті шарттарды қамтамасыз етуге шақырады.

\*\*\*